

6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін орындалған Садықова Раиса Толеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Алаш мұрасы - ордалы ортамызға тәуелсіздіктің орнауымен оралған мол тарихи, һәм рухани қазына. Тарихтың қойнауына еніп, өткеннің еншісіне айналған «қазынанань» табу, іздеу-зерделеу жұмыстары әрдайым қажырлықты, табандылықты, іздемпаздықты қажет етеді. XX ғасырдың басында Қазақ мемлекеттілігін бейбіт саяси күрес жолының әдіс-тәсілдерімен қайта қалпына келтірген Алаш зиялыларының қайраткерлік, қоғамдық һәм рухани қазынасын зерттеу жұмыстары жолға қойылған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қозғалыстың алғы шебінде болған айтулы тұлғалардың қызметі мен артында қалған мұралары ерекше қарқынмен зерделене бастады.

Қалың қазақтың саяси көсемі Әлихан Бөкейхан, ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, табанды күрескер Мұстафа Шоқай, дауылпаз ақын Міржақып Дулатұлы, жыр мәйегі Мағжан т.б. сынды қайраткерлер туралы том-том зерттеулер, толымды, танымды еңбектер жарияланды. Сондай ізденістердің арқасында Алаш зиялыларының қалы шоғыры ортамызға ерекше екпінмен орала бастады. Әйтсе де, қалың шоғырдың ішінде зерделік шырақ жұлдызы жанбай, зерттеуші-жоқшысын таппай тұрған Алаштың көрнекті қайраткері бар еді. Ол – Халел Ғаббасұлы.

Зерттеушінің Халел Ғаббасұлының қайраткерлік тұлғасын, һәм рухани мұрасын саралайтын «Алаш бекзаты» атты монографиясымен де танысып, алғы сөзін жазған едік.

Ізденуші Р.Садықова зерттеу тақырыбы бойынша мол материал жинай алған, әрі жиналған материалды ғылыми жұмысты жазу барысында сұрыптап, екшеп қолдана білген.

Диссертациялық жұмыс екі тараудан тұрады. XX ғасыр басындағы семейлік әдеби ортаны бір тарауға топтастырған. Семейлік зиялы қауым өкілдері туындыларындағы азаттық идеяларға мейілінше тоқтала отырып, Абай тағылымы мен жергілікті баспасөздің ағартушылық қызметіне жіті мән бергендігін байқауға болады.

Екінші тарау Халел Ғаббасұлының публицистикалық мұрасы мен шығармашылық ықпалдастыққа арналған. Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметіне баға бере келе, көсемсөздерінің жазылуына негіз болған әдеби-тарихи факторларды ашып, жан-жақты талдауда біршама тер төккен.

Ізденуші Р.Т.Садықованың тақырыбына деген зор қызығушылығы, ерекше сүйіспеншілігі байыпты да, байсалды зерттеудің дүниеге келуіне әсер етті деп ойлаймын. Аталмыш жұмыс бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан ұлт әдебиеті мен баспасөзі тарихына қатысты, өзіндік ғылыми жаңалығы бар еңбек деп білемін.

